

Павлодар облысы
білім беру басқармасының
2022 ж. «9» 09
№ 2-02/428 бұйрығына
Косымша 1

**«Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»
облыстық қашықтық конкурсы туралы**
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Конкурс Павлодар облысындағы біртұтас ақпараттық білім беру кеңістігін құру, педагогтардың білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды шығармашылықпен белсенді колдануын дамыту үшін, жаңа қашықтықтар мен құралдарды тарату, педагогика саласы мамандарының көсіби шеберліктерін көтеру және білім беру мекемелерінің ақпараттандыру жағдайындағы үздік тәжірибесін таратуға бағытталған.

Ереже конкурстың мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін, өткізу мерзімі мен тәртібін, конкурста катысу шарттарын, талаптары мен оларды бағалау критерийлерін, корытындысын шығару мен марапаттауды анықтайды.

2. Конкурсты ұйымдастырушылар

Конкурсты ұйымдастырушылар – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар облысы білім беру басқармасының Ақпараттық технологиялар орталығы.

3. Конкурстың мақсаты

Конкурстың мақсаты – облыс мұғалімдері арасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласына деген ғылыми және тәжірибелік қызығушылықтарын дамыту, инновациялық және шығармашылық ақпараттық идеяларды, талантты мұғалімдерді қолдау.

4. Конкурстың міндеттері

- авторлық жобаларды таратуға, тәжірибе жинақтауға, облыс педагогтарының көсіби өсуі мен дамуына ықпал ететін Интернет-технологияларды дәріптеу;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АҚТ) қолдануда білім беру ұйымдарының педагогтары мен қызметкерлерінің көсіби және ақпараттық құзыреттілігін анықтау;
- оқу-тәрбиелеу процесінде қолданылатын барлық цифрлық білім беру

ресурсстарын жасау, пайдалану мен насихаттау тәжірибесін анықтау және тарату;

- облыс педагогтарының шығармашылық әлеуетін қалыптастыру үшін оқу процесінде ақпараттық мәдениетті дамыту және ақпараттық технологияларды енгізу үдерісіне жағдай жасау;

- қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды оқу үдерісінде бұқаралық енгізу жағдайында пән мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін көтеру;

- дарынды педагогтарды анықтау, қолдау және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруге, белсенді қолдануға ынталандыру;

- оқу-тәрбие процесінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы облыстағы ең үздік педагогикалық тәжірибелі тарату;

- Павлодар облысының инновациялық білім беру кеңістігін қалыптастыру үшін білім беру үйымдарының кәсіби өзара қызметтестігін үйымдастыру.

5. Конкурстың бағыттары мен өткізу уақыты

Конкурс екі кезенде (іріктеу, финал) өткізіледі:

I іріктеу кезені 2022 жылғы 26 қыркүйек пән 11 қараша аралығында сырттай өтеді. Конкурсқа катысу үшін **2022 жылғы 11 қарашаға** дейін білім беру үйымының педагогтары (қызметкерлері) Үйымдастыру комитетінің мекен-жайына немесе Google Forms сілтемесі (<https://forms.gle/J2VPq3c2wRPE2Nsv7>) арқылы өтінім (Қосымша 1.1) береді:

Павлодар қаласы, Қайырбаев көшесі, 32/3 үйі, 1 қабат, 108 кабинет.

тел.: 8 (7182) 62-52-77.

Конкурсқа катысу өтінімі конкурстың жобасыз қарастырылмайды. Конкурс талаптарына сайнан конкурс өтінімінде көрсетілген барлық жобалар электрондық түрде Үйымдастыруши комитетінің мекен-жайы немесе Google Forms бойынша жіберілуі керек.

Қазылар алқасы ұсынылған жобалардың сапасын бағалайды, қорытындылары хаттама түрінде ресімделеді және конкурстың финалдық кезеңіне қатысушылар тізімі **2022 жылғы 18 қарашада** облыстық білім беру басқармасының (<https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-edu?lang=kk>) және ОАТО (<http://pvlcit.kz/kz/>) сайттарында жарияланады.

II актық кезен (финал) қашықтан жүргізіледі. Жобаны қорғау online режимінде (Microsoft Teams) **2022 жылғы 21-24 қараша аралығында** өтеді.

Конкурс қорытындысы **2022 жылғы 25 қарашада** Облыстық білім беру басқармасының (<https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-edu?lang=kk>) және ОАТО (<http://pvlcit.kz/kz/>) сайттарында жарияланады.

6. Конкурсқа қатысу шарттары

Конкурсқа ерікті түрде оқытудың оқу бағдарламасы бойынша конкурс жобаларының авторлары/бірлескен авторлары (команда құрамы 3 адамнан аспауы керек) болып табылатын облыс білім беру үйымдарының білім беру процесіне қатысушылары (педагогтар, қызметкерлер) қатысады.

Конкурстың сырттай кезеңіне барлық типтегі және түрдегі білім беру үйымдары мұғалімдерінің жеке немесе авторлық топ өтінімдері жіберіледі.

Екінші кезеңге сырттай іріктеуден өткен ең үздік жобалар жіберіледі.

Өтінім беруші тек бір бағыт бойынша қатыса алады.

3 жыл бойы облыстық, республикалық конкурстарда 1-ші, 2-ші жүлделі орындарға ие болған жобалар конкурсқа қатыстырылмайды.

7. Конкурстың бағыттары

Конкурс келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

1. Оқу процесін бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламалау тілін қолдану арқылы орындалған бағдарламалық-ақпараттық өнімдер).

2. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданатын оқу-әдістемелік кешендер (Flash, Delphi ортасында жасалған және т.с.с.).

3. Интерактивті сабактар (бағыттары: жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, бастауыш оқыту)

8. Конкурстың қазылар алқасы мен Үйымдастыру комитеті

Конкурсты үйымдастыру және өткізу үшін Үйымдастыру комитеті құрылады. Үйымдастыру комитеті келесі функцияларды жүзеге асырады: конкурсқа қатысу өтінімдерін қарайды және авторларға конкурсқа қатысуға шақыру немесе өтпегені туралы дәлелді қағаз жібереді; конкурсқа дайындық және өткізу бойынша үйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.

Конкурстың қазылар алқасының құрамына білім беру басқармасының және АТО өкілдері кіреді.

Конкурс жүлдегерлері мен жеңімпаздары қазылар алқасының шешімімен анықталады. Қазылар алқасы конкурсқа қатысушылар жобаларына рецензия бермейді. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

9. Конкурстың жобаларға қойылатын талаптар

1. *Оқу процесін бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламалау тілдерін пайдалану арқылы жасалған бағдарламалық-ақпараттық өнімдер):*

- бағдарламалық құралдың жасалуының негізі мен нұсқаулығының алғы шарттары;
- ақпаратты ұсынудың құрылымы;
- жеке және дербес оқытуды үйимдастыру дәрежесі;

- эргономикалық талаптарды орындау, интерфейстің үйлесімділігі;
- бағдарламалық құралдың функционалдық мүмкіндіктерін пайдалану тиімділігі (өнімділік);
- бағдарламаны пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың болуы;
- аprobация нәтижелері;
- мобильдік.

2. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланатын оқу-әдістемелік кешендер (Flash, Delphi және т.б. ортада жасалған):

- ОӘК компоненттерінің құрылымы (мазмұны)
- нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттаманың тізімі
- оқыту және бақылау құралдарының болуы
- негізінде ОӘК әзірленетін оқу бағдарламасы
- жобаның аннотациясы (міндетті түрде - білім берудің нақты міндеттері, білім берудің нысаналы бағдарлары, әрбір білім беру компоненті үшін әзірлеу қисыны болуы тиіс)
- аprobация нәтижелері
- тәрбиеленушілердің/оқушылардың/студенттердің жас ерекшеліктерін ескеретін бірынғай әдістемелік, ақпараттық және дизайнерлік тәсіл (түр)

3. Интерактивті сабактар (багыттары: жаратылыстану-математикалық, қогамдық-гуманитарлық, бастауыш оқыту)

- автордың аты-жөні және оқу орнының атауы көрсетілген титулдық параптың болуы;
- соңғы бетте жұмыс жасау кезінде пайдаланылған дереккөздерді көрсету;
- мұғалімнің өзі әзірлеген сабак жоспарының болуы (сабак жоспары, тест тапсырмалары, практикалық және интерактивті жұмыстар және т. б.);
- эргономикалық талаптарды орындау, интерфейс үйлесімділігі;
- кері байланыс интерактивтілігі;
- оқытудың медиа құралдарын, гипермәтіндерді, объектілерді пайдалану.

Конкурсқа ұсынылған жұмыстар 30%-дан аспайтын плагиатпен жіберіледі (контент AntiPlagiarism.NET бағдарлама арқылы тексеріледі).

10. Конкурстың женімпаздарын анықтау бойынша бағалау критерийлері

I кезеңде (іріктеу) конкурс жұмыстары келесі ұстанымдар бойынша бағаланады:

1. Оқу процесін бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламалау тілдерін пайдалану арқылы жасалған бағдарламалық-ақпараттық өнімдер):

- өзектілігі, даралығы;
- бағдарламалық жасақтаманың толықтығы, инновациялылығы, бірегейлігі;
- пайдалану ынғайлышы, функционалдылығы;
- тиімділігі;
- деректерді қорғау;
- кері байланыс дәрежесі;
- рәсімдеу эстетикасы.

2. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданатын оқу-әдістемелік кешендер (Flash, Delphi ортасында жасалған және т.с.с.):

- белгілі бір педагогикалық тапсырманы шешуге бағытталған ОӘК әрбір компонентінің нақты функционалдық бағыты;
- ақпараттық технологияларға негізделген материалды берудің прогрессивті нысандары мен тәсілдерін пайдалану;
- пайдаланудағы қолжетімділік;
- интерактивтілік;
- тәрбиленушілердің/окушылардың/студенттердің практикалық және дербес қызметіне бағдарлану;
- рәсімдеу эстетикасы.

3. Интерактивті сабактар (бағыттары: жаратылыстану-математикалық, қогамдық-гуманитарлық, бастауыш оқыту).

- идеяның инновациялылығы (түрлі интерактивті құралдарды максималды пайдалану);
- білім және тәрбие беру мақсаттарына қол жеткізу үшін интерактивті жабдықтар мен тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудың негізділігі;
- диалог интерактивтілігі;
- рәсімдеу эстетикасы;
- медиа нысандарының сапасы.

Ескертпе: Әрбір критерий үшін 1-ден 3-ке дейін ұпай беріледі (1-нашар, 2-жақсы, 3-өте жақсы).

II кезеңде (финал) конкурс жұмысын қорғауда қосымша келесі ұстанымдар ескеріледі:

- тұсаукесерлік құзыреттілік, шешендік шеберлік (композиция, жұмысты ұсыну толықтығы, нәтижелілігі, дәлелділігі, уақытты сезінуі, аудиторияның назарын аудару);
- жобаны таныстыру үйлесімділігі (техникалық және ұйымдастырушылық дайындық).

10. Женімпаздарды марапаттау тәртібі

Конкурс корытындысын шығару және қатысуышыларды марапаттау online режимінде өтеді. Әрбір бағыт бойынша 3 жүлделі орын белгіленеді: 1, 2, 3 дәрежелі диплом иегерлері.

Ақтық кезеңге өткен барлық конкурс қатысуышыларына сертификат беріледі.

Павлодар облысы
білім беру басқармасының
2022 ж. «9» жаркынек
№ 2 - 02/429 бұйрығына
Қосымша 1.1

Конкурс катысушиның өтінімі
(білім беру үйымдарның ұстаздары үшін)
<https://forms.gle/J2VPq3c2wRPE2Nsv7>

1. Мекеме жайындағы мағлұмат	
Толық атауы	
Мекен-жайы	
Телефон	
e-mail.	
Факс	
2. Автор (авторлық ұжым) жайындағы мағлұмат (жобаны ұсынатын топтың күрамы 3 адамнан аспауы қажет)	
ТАӘ (жеке күәлікке сәйкес толтырылады)	
Оқытылатын пән	
e-mail	
(Ұялы) телефон:	
3. Жұмыс туралы мағлұмат	
Жобаның шығармашылық аты	
Пән және пәнаралық байланыс	
Жас ерекшелік тобы	
Жобаның мақсаты мен міндепі	
Жоба андатпасы	
4. Конкурстың бағыттары (біреуін ғана көрсету)	
Мұғалімдер арасында	<input type="checkbox"/> Оқу процесін бағдарламалық қамтамсыз ету; <input type="checkbox"/> Жаңа ақпараттық технологияларды қолданатын оқу-әдістемелік кешендер; <input type="checkbox"/> Интерактивті сабактар (бағыттары: жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, бастауыш оқыту).
5. Бағдарламалық өнім және әзірлеу ортасы, бағдарламалау тілдері:	
6. Кәжетті бағдарламалық қамтамасыз ету:	
7. Кәжетті ақпараттық қамтамасыз ету:	

**Павлодар облысы
білім беру басқармасының
2022 ж. «9» Баркедек
№ 2-021429 бүйрығына
Қосымша 1.2**

**«Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»
(ERTIS DIGITAL USTAZ)
облыстық конкурсын дайындау және өткізу үшін құрылған
Ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы

Елнар Шунанович Утюбаев	Облыстық ақпараттық технологиялар орталығының басшысы
----------------------------	--

Ұйымдастыру комитеті төрайымының орынбасары

Бибиғуль Калиардамовна Казтаева	ақпараттық технологиялар орталығы басшысының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
------------------------------------	--

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері

Ринат Амангельдыевич Сарсембаев	ақпараттық технологиялар орталығы басшысының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі орынбасары
Асия Тимуровна Нургалиева	ақпараттық технологиялар орталығының акпараттық-аналитикалық бөлімінің менгерушісі
Рауан Бакыткановна Сermenова	ақпараттық технологиялар орталығының бағдарламалық және желілік қамтамасыз ету бөлімінің менгерушісі
Анар Талаповна Акишпаева	ақпараттық технологиялар орталығының акпараттық технологиялар орталығының әдістемелік бөлімінің менгерушісі
Акмарал Каировна Ахметкалиева	ақпараттық технологиялар орталығының әдістемелік бөлімінің әдіскери
Айжан Далелхановна Аккасканова	ақпараттық технологиялар орталығының әдістемелік бөлімінің әдіскери
Айнур Жанузаковна Байкенова	ақпараттық технологиялар орталығының акпараттық-аналитикалық бөлімінің әдіскери
Салтанат Маратовна Ныгишова	ақпараттық технологиялар орталығының акпараттық-аналитикалық бөлімінің әдіскери
Әсем Оразбайқызы Нургалиева	ақпараттық технологиялар орталығының акпараттық-аналитикалық бөлімінің әдіскери
Ажар Бағлановна Тумамбаева	ақпараттық технологиялар орталығының әдістемелік бөлімінің әдіскери

Павлодар облысы
білім беру басқармасының
2022 ж. «9» күркүлес
№ Од - Од/1429 бүйрүғына
Қосымша 1.3

«Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»
(ERTIS DIGITAL USTAZ)
облыстық конкурсының
қазылар алқасының құрамы

Қазылар алқасының төрағасы

Гульмира Каирбергеновна Баширова	Білім беру басқармасы басшысының орынбасары
-------------------------------------	---

Қазылар алқасы төрағасының орынбасары

Елнар Шунаңович Утюбаев	облыстық ақпараттық технологиялар орталығының басшысы
-------------------------	--

Қазылар алқасы

Бибиғуль Калиардамовна Казтаева	ақпараттық технологиялар орталығы басшысының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
Ринат Амангельдыевич Сарсембаев	ақпараттық технологиялар орталығы басшысының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі орынбасары
Анар Талаповна Акишпаева	ақпараттық технологиялар орталығының әдістемелік бөлімінің менгерушісі
Асия Тимуровна Нургалиева	ақпараттық технологиялар орталығының ақпараттық-аналитикалық бөлімінің менгерушісі
Ақмарал Каировна Ахметкалиева	ақпараттық технологиялар орталығының әдістемелік бөлімінің әдіскері
Айжан Далелхановна Аккасканова	ақпараттық технологиялар орталығының әдістемелік бөлімінің әдіскері
Айнур Жанузаковна Байкенова	ақпараттық технологиялар орталығының ақпараттық-аналитикалық бөлімінің әдіскері
Салтанат Маратовна Ныгишова	ақпараттық технологиялар орталығының ақпараттық-аналитикалық бөлімінің әдіскері
Ажар Баглановна Тумамбаева	ақпараттық технологиялар орталығының әдістемелік бөлімінің әдіскері